

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі, РМҚК «А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» және «Bi alem» Жетісу хореография орталығы қоғамдық бірлестігінің шығармашылық тәжірибе алмасу арасында өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Талдықорған қаласы

«28» сәуір 2021 жыл

Осы Меморандум бір жағынан, «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі, басқарма басшысы М.Қ.Көлбаев, қолданыстағы Ереже негізінде РМҚК «А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің» директоры М.О.Төкеев және «Bi alem» Жетісу хореография орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Б.Ағияр келешекте «Тараптар» болып аталынатын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы» №939 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» № 636 Жарлығын және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, осы Меморандумды бекітуге уағдаласты және төмендегілерге келісті.

1-тармақ

- 1.1. Меморандумның мәні: Тараптар өкілеттік шеңберінде мәдениет саласында өзара әрекеттесе отырып, меморандум аясында көзделген шараларды бірлесіп іске асыруға міндеттенеді.
- 1.2. Осы меморандум балет әртістері, педагог хореографтардың бірлескен тәжірибе алмасуын кеңейтуге және хореография саласын зерттеуге және маңызды шығармашылық базасын құруға мүмкіндік береді.

2-тармақ

«Тараптар» мына қызметтерді жүзеге асыратын болады:

- 2.1. Халыққа ұлттық мәдени құндылықтарымызды насихаттау.
- 2.2. Тәжірибие алмасу шеберлік сағаттарын өткізу.
- 2.3. Кәсіби оқу орынынан дайын мамандарды облысқа ұсыну.
- 2.4. Кәсіби оқу орынына аймақтағы талантты балалардың оқуға түсуіне ықпал ету.

3-тармақ

Осы Меморандум ережелерін қолдану немесе түсіндіру барысында келіспеушілік және талас туындаған жағдайда, Тараптар оны келіссөздер және консультациялар жолымен шешетін болады.

4-тармақ

Осы Меморандум ережелерінің жүзеге асуы, қатысушылары Тараптар болып табылатын басқа келісім-шарттардан шығатын міндеттер мен құқықтарға кедергі болмайды.

5-тармақ

Егер Тараптар өзара әр нақты жағдайды келіспеген болса, осы Меморандумды орындауға байланысты барлық шығындарды Тараптар өздері жеке көтереді.

6-тармақ

Тараптардың өзара келісулері бойынша осы Меморандумға өзгертулер мен толықтыруларды осы Меморандумның бөлінбейтін бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен рәсімдеп енгізуіне болады.

7-тармақ

Осы Меморандум Тараптардың оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.


Осы Меморандум ұзақ мерзімге жасалынады және Тараптардың бірі екінші жақтан осы Меморандумның күшін жоюы

туралы пікірін жазбаша хабарлама арқылы бір ай бұрын ескертуі тиіс

Меморандум 2021 жылғы «28» сәуір айында Талдықорған қаласында мемлекеттік тілде 3 дана болып әзірленді.

Тараптар қолы

**«Алматы облысының мәдениет,
архивтер және құжаттама
басқармасы» мемлекеттік
мекемесінің басшысы**



М.Қ.КӨЛБАЕВ

**РМҚК «А.Селезнев атындағы
Алматы хореографиялық
училищесінің директоры**



М.О.ТӨКЕЕВ

**«Bi alem» Жетісу хореография
орталығы қоғамдық бірлестігінің
төрағасы**



В.АҒИЯР